

**Қазақстан Республикасының Варшавада 1929 жылғы 12 қазанда қол қойылған
Халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді бірдейлендіру үшін
Конвенцияға түзетулер туралы хаттамаға қосылуы туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 маусым N 215-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасының Варшавада 1929 жылғы 12 қазанда қол қойылған
Халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді бірдейлендіру үшін
Конвенцияға түзетулер туралы Гаагада 1955 жылғы 28 қыркүйекте жасалған хаттамаға
қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1-ҚОСЫМША

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ ТАСЫМАЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР
ЕРЕЖЕЛЕРДІ-СӘЙКЕСТЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН
КОНВЕНЦИЯ**

Герман Рейхспрезиденті, Австрия Республикасының Федералдық Президенті,
Бельгиялықтардың Жоғары Мәртебелі Королі, Бразилия Құрама Штаттарының
Президенті, Болгарлардың Жоғары Мәртебелі Королі, Қытай Ұлттық Үкіметінің
Президенті, Жоғары Мәртебелі Дания және Исландия Королі, Жоғары Мәртебелі
Испания Королі, Эстон Республикасы Мемлекетінің Басшысы, Финляндия
Республикасының Президенті, Француз Республикасының Президенті, Жоғары
Мәртебелі Ұлыбритания, Ирландия және теңіздердің арғы жағындағы Британ
аумақтары Королі, Үндістан Императоры, Элин Республикасының Президенті, Венгр
Корольдігінің Жарқын Мәртебелі Регенті, Жоғары Мәртебелі Италия Королі, Жоғары
Мәртебелі Жапония Императоры, Латвия Республикасының Президенті,
Люксембургтық Ұлы Королевалық Мәртебелі Ұлы Герцогия, Мексика Құрама
Штаттарының Президенті, Жоғары Мәртебелі Норвегия Королі, Жоғары Мәртебелі
Нидерландтар Королевасы, Поляк Республикасының Президенті, Жоғары Мәртебелі
Румыния Королі, Жоғары Мәртебелі Швеция Королі, Швейцария Федералдық Кеңесі,
Чехословакия Республикасының Президенті, Советтік Социалистік Республикалар
Одағының Орталық Атқарушы Комитеті, Венесуэла Құрама Штаттарының Президенті,
Жоғары Мәртебелі Югославия Королі

халықаралық әуе тасымалдарының талаптарын осы тасымалдар үшін
пайдаланылатын құжаттарға және тасушының жауапкершілігіне қатысты біркелкі

тәртіппен реттеудің пайдалы екенін мойындай отырып, өздерінің тиісті уәкілетті адамдарын осы мақсат үшін тағайындады, олар оған тиісінше рұқсат ала келіп, мына Конвенцияны жасап, оған қол қойды:

1

Т А Р А У

АНЫҚТАУ НЫСАНАСЫ

1-бап

1. Осы Конвенция әуе кемесі арқылы, адамдарды, теңдеме жүкті немесе жүктерді ақысын төлеп жүзеге асырылатын барлық халықаралық тасымалдау кезінде қолданылады. Ол, сондай-ақ әуе тасымалы кәсіпорны әуе кемесі арқылы жүзеге асыратын тегін тасымалдарға да қолданылады.

2. Осы Конвенцияның мағынасында "Халықаралық тасымал" деп тараптардың айқындамасына сәйкес, егер аялдама тіпті басқа Уағдаласпаған Державаның егемендігіне, сюзеренитетіне, мандатына немесе өкімет билігіне қарасты аумақта көзделсе, жөнелтім жері мен тағайындалым жері тасымал барысындағы үзілістің немесе қайта тиеудің бар-жоғына қарамастан, не екі Жоғары Уағдаласушы Тараптың аумағында, не сол бір ғана Жоғары Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан кездегі барлық тасымал аталады. Осыған ұқсас аялдаусыз, сол бір ғана Жоғары Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, сюзеренитетіне, мандатына немесе өкімет билігіне қарасты аумақтың аралығындағы тасымал осы Конвенцияның мағынасында халықаралық тасымал деп қаралмайды.

3. Тараптар бірнеше жүйелі әуе тасушылары арқылы жүзеге асырылуға тиіс тасымалды бір шарт не бірқатар шарт түрінде жасалған-жасалмағанына қарамастан бір операция ретінде қараса, осы Конвенцияны қолдану тұрғысынан, біртұтас тасымал құратын тасымал деп ұғылады және өзінің халықаралық сипатын бір немесе бірқатар шарт сол бір ғана Жоғары Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, сюзеренитетіне, мандатына немесе өкімет билігіне қарасты аумақта толық орындалуға тиіс болғанына байланысты жоғалтпайды.

2-бап

1. Конвенция 1-бапта көзделген шарттарға сай келетін мемлекет немесе басқа да көпшілік-құқықтық заңды тұлғалар жасаған тасымалдарға қолданылады.

2. Осы Конвенцияның қолданысынан халықаралық пошталық конвенциялар негізінде жасалатын тасымалдар алып тасталады.

I I

Т А Р А У

ТАСЫМАЛ ҚҰЖАТТАРЫ

I-бөлім - Көлікте жүру билеті

3-бап

1. Тасушы жолаушыларды тасу кезінде көлікте жүру билетін беруге міндетті, онда мынадай нұсқаулар:

а) берілу жері мен күні;

б) жөнелтім және тағайындалым жерлері;

в) тасушының аялдамаларды қажет болған жағдайда немесе онсыз да өзгертуге өз құқығын көздеуіне мүмкіндікті сақтай отырып, осы өзгерту тасымалды халықаралық сипатынан айыру алуы үшін көзделген аялдамалар;

г) тасушының немесе тасушылардың атауы мен мекен-жайы;

д) осы Конвенцияда белгіленген жауапкершілік туралы ережелер тасымалға қолданылады дейтін нұсқау жазылуға тиіс.

2. Билеттің болмауы, дұрыс болмауы немесе оны жоғалтып алу тасымал туралы шарттың қолданылуына да, жарамды болуына ықпалын тигізбейді, аталған шартқа дегенмен де осы Конвенция ережелерінің күші қолданылады. Алайда, тасушы жолаушыға көлікте жүру билетін бермей, оны қабылдап алса, тасушының осы Конвенцияның оны жауапкершіліктен босататын немесе мұны шектейтін қаулыларына сілтеме жасауға құқығы болмайды.

II-бөлім - Теңдеме жүк түбіртегі

4-бап

1. Жолаушы өзінің қасына қойып қоятын өзіндік ұсақ заттарды қоспағанда, теңдеме жүкті тасу кезінде, тасушы теңдеме жүк түбіртегін беруге міндетті.

2. Теңдеме жүк түбіртегі екі дана етіп: біреуі жолаушылар үшін, екіншісі тасушы үшін жасалуға тиіс.

3. Онда мынадай нұсқаулар:

а) берілу жері мен күні;

б) жөнелтім және тағайындалым жерлері;

в) тасушының немесе тасушылардың атауы мен мекен-жайы;

г) көлікте жүру билетінің нөмірі;

д) түбіртекте көрсетушіге теңдеме жүк беріледі дейтін нұсқау;

е) орындардың саны мен салмағы;

ж) 22-баптың 2-абзацына сәйкес жария етілген құн мөлшері;

з) осы Конвенцияда белгіленген жауапкершілік туралы ережелер тасымалға қолданылады дейтін нұсқау жазылуға тиіс.

4. Теңдеме жүк түбіртегінің болмауы, дұрыс болмауы немесе оны жоғалтып алу тасымал туралы шарттың қолданылуына да, жарамды болуына да ықпалын тигізбейді, аталған шартқа дегенмен де осы Конвенцияның күші қолданылатын болады. Алайда, тасушы теңдеме жүк түбіртегін берместен, теңдеме жүкті қабылдап алса немесе г), е) және з) литерлерінде аталған мәліметтер теңдеме жүк түбіртегінде болмаса, тасушының осы Конвенцияның оны жауаптылықтан босататын немесе мұны шектейтін қаулыларына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

III- бөлім - Әуе-тасымал құжаты

5-бап

1. Әрбір тауар тасушының жөнелтуші "әуе-тасымал құжаты" деп аталатын құжатты жасап беруін және тапсыруын талап етуге құқығы бар; барлық жөнелтушінің осы құжатты қабылдауды тасушыдан талап етуге құқығы бар.

2. Алайда, осы құжаттың болмауы, дұрыс болмауы немесе оны жоғалтып алу тасымал туралы шарттың қолданылуына да, жарамды болуына да ықпалын тигізбейді, аталған шартқа дегенмен де осы Конвенция ережелерінің күші 9-бапта белгіленген ескертпені ескере отырып, қолданылатын болады.

6-бап

1. Жөнелтуші әуе-тасымал құжатын үш түпнұсқа дана етіп жасайды және ол тауармен бірге тапсырылады.

2. Бірінші данада "тасушыға арналған" деген белгі болады, жөнелтуші оған қол қояды. Екінші данада "алушыға арналған" деген белгі болады, жөнелтуші немесе тасушы оған қол қояды және ол тауармен бірге бағытталуға тиіс. Үшінші данаға тасушы қол қояды және ол тауарды алған бойда оны жөнелтушіге қайтарады.

3. Тасушы қолының орнына штемпель қойылуы мүмкін; жөнелтушінің қолы мөрге басылған түрінде болуы немесе оның орнына штемпель қойылуы мүмкін.

7-бап

Егер бірнеше орын болса, тауар тасушының жөнелтуші жеке бір әуе-тасымал құжаттарын жасауын талап етуге құқығы бар.

8-бап

Әуе-тасымал құжатында мынадай нұсқаулар:

а) құжат жасалған жер мен ол жасалған күн;

б) жөнелтім және тағайындалым жерлері;

в) тасушының аялдамаларды қажет болған жағдайда немесе онсыз да өзгертуге өз құқығын көздеуіне мүмкіндікті сақтай отырып, осы өзгертутасымалды халықаралық сипатынан айыру алуы үшін көзделген аялдамалар;

г) жөнелтушінің атауы мен мекен-жайы;

д) алғашқы тасушының атауы мен мекен-жайы;

е) егер алушы аталса, оның атауы мен мекен-жайы;

ж) тауардың тұрпаты;

з) ораманың саны, тұрпаты, таңбалама немесе орындардың нөмірі;

и) тауардың салмағы, саны, көлемі немесе мөлшері;

к) тауардың және оның орамасының сыртқы жай-күйі;

л) тауар құны ескертілсе, оның құны, төлем уақыты мен орны және төлем жасауға тиіс тұлға;

м) егер жөнелтім нақты төлем арқылы жүзеге асырылса, тауар құны және тиіс жағдайларда шығыстар мөлшері;

н) 22-баптың 2-абзацына сәйкес жария етілген құн мөлшері;
о) әуе-тасымал құжаты данасының саны;
п) тасушыға әуе-тасымал құжатымен бірге жолданған құжаттар;
р) тасымал мерзімі мен жүріп өтетін жолы (via) туралы жалпы нұсқаулар ескертілсе, аталғандар;

с) осы Конвенцияда белгіленген жауапкершілік туралы ережелер тасымалға қолданылады дейтін нұсқау жазылуға тиіс.

9-бап

Тасушы тауарды әуе-тасымал құжатын жасамай қабылдап алса, 8-бапта аталған барлық мәліметтер а) литерінен бастап, и) литеріне дейін қоса алғанда және с) литері құжатта көрсетілмесе, тасушының осы Конвенцияның оны жауаптылықтан босататын немесе мұны шектейтін қаулыларына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

10-бап

1. Жөнелтуші әуе-тасымал құжатына жазатын, тауарларға қатысты мәліметтер мен хабарландырулардың дұрыстығы үшін жауап береді.

2. Ол тасушы мен кез келген басқа да тұлғаға берген мәліметтер мен хабарландырудың дұрыс болмағандықтан, дәл болмағандықтан немесе толық болмағандықтан шеккен әр зиян үшін жауапты болады.

11-бап

1. Әуе-тасымал құжаттағыға қарама-қарсы түрде дәлелдеме білдірілгенге дейін, ол шарт жасау, тауарды және тасымал шарттарын қабылдау куәлігі болып табылады.

2. Әуе-тасымал құжатының тауар салмағы, мөлшері және орамасы туралы, сондай-ақ орындар саны туралы деректеріне қарама-қарсы түрде дәлелдеме білдірілгенге дейін, олар куәлік болып табылады; тасушы жөнелтушіні қатыстыра отырып, тауар саны, көлемі және жай-күйі туралы деректерді тексеріп, әуе-тасымал құжатында бұл жөнінде атап көрсеткендіктен және бұл тауардың сыртқы жай-күйі туралы деректерге қатысты болғандықтан, аталған деректер тасушыға қарсы дәлел болады.

12-бап

1. Тасушы тасымал шартынан туындайтын барлық міндеттемелерді орындаған жағдайда, тауарды не жөнелтім немесе тағайындалым аэродромынан кері қайтарып алып, не жүріп өту жолында қону кезінде оны тоқтатып қойып, не тағайындалым жерінде немесе жүріп өту жолында оны әуе-тасымал құжатында аталған алушыдан

басқа тұлғаға беру туралы нұсқау бере отырып, не жөнелтім аэродромына оны (тауарды) қайтаруды талап ете отырып, тауарға билік етуге құқығы бар, себебі осы құқықты жүзеге асыру тасушыға да, басқа жөнелтушілерге де залал тигізбейді және оның осы шығыстардан туындайтын орнын толтыру міндеттемесі болады.

2. Жөнелтушінің өкімдерін орындау мүмкін болмаған жағдайларда, тасушы оны бұл жөнінде дереу хабардар етуге міндетті.

3. Тасушы жөнелтушіге берілген әуе-тасымал құжатының данасын табыс етуді талап етпей-ақ, оның өкімімен санасса, жөнелтушіге қойылатын кері талап құқығын осылайша сақтай отырып, әуе-тасымал құжатының тиісінше иесіне осы құқық тигізуі мүмкін залал үшін жауапты болады.

4. Төмендегі 3-бапқа сәйкес алушының құқығы туындаған кезде, жөнелтушінің құқығы жойылады. Алайда, алушы тасымал құжатынан немесе тауардан бас тартса немесе оларды оған тапсыруға болмайтын болса, жөнелтуші өзінің билік ету құқығын қайтадан иеленеді.

13-бап

1. Алдыңғы бапта аталған жағдайларды қоспағанда, алушының тасушыдан тауар тағайындалым жеріне келіп түскен кезден бастап, өзіне әуе-тасымал құжатын жолдауды және өзіне тауар беруді талап сомасын төлеу мен әуе-тасымал құжатында аталған тасымал шарттарын орындаудың орнына талап етуге құқығы бар.

2. Егер өзгедей ескертілмейтін болса, тасушы алушыны тауар келіп түскен бойда хабардар етуге міндетті.

3. Егер тасушы тауардың жоғалғанын мойындаса немесе тауар келіп түсуге тиіс болған күннен бастап есептегенде жеті күн мерзім аяқталғаннан кейін тауар келіп түспесе, алушының тасымал туралы шарттан туындайтын құқықтарды тасушыға қатысты жүзеге асыруына рұқсат етіледі.

14-бап

Жөнелтуші мен алушының әрқайсысы өз мүддесіне орай әлде басқаның мүддесіне орай іс-әрекет жасағанына қарамастан, өздеріне 12 және 13-баптарда тиісінше берілген барлық құқықтарды өз атынан, бірақ шарт жүктейтін міндеттемелерді орындаған жағдайда ғана, жүзеге асыра алады.

15-бап

1. 12, 13 және 14-баптар жөнелтуші мен алушының қарым-қатынасына да,

құқықтары не жөнелтушіден, не алушыдан туындайтын үшінші бір тұлғалардың қатынастарына да ешқандай да ықпал етпейді.

2. 12, 13 және 14-баптардың шарттарынан өзгеше әр ескертпе әуе-тасымал құжатына жазылуға тиіс.

16-бап

1. Жөнелтуші мәліметтер беруге және алушыға тауар бергенге дейін кеден, кеден-қала немесе полиция ресми істерін орындау үшін қажет құжаттарды әуе-тасымалы құжатына қосып қоюға міндетті. Тасушының немесе ол қойған тұлғалардың тарапынан кінә болған жағдайларды қоспағанда, жөнелтуші тасушыға осы мәліметтер мен қағаздар болмағандықтан, жеткіліксіз болғандықтан немесе дұрыс болмағандықтан тигізілуі мүмкін барлық шығын үшін жауап береді.

2. Тасушы осы мәліметтер мен құжаттарды олардың дәл болуы немесе жеткілікті болуы жөнінде тексеруге міндетті емес.

І І І

Т А Р А У

ТАСУШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

17-бап

Жолаушы қаза тапқан, жараланған немесе денесін басқаша зақымдаған кезде орын алған зиянды келтірген жазатайым уақиға әуе кемесінің бортында немесе қону және шығару жөніндегі кез келген операциялар кезінде орын алса, тасушы аталған зиян үшін жауап береді.

18-бап

1. Тіркелген теңдеме жүк немесе тауар жойылған, жоғалған немесе бүлінген кезде орын алған зиянды келтірген оқиға әуе тасымалы кезінде орын алса, тасушы аталған зиян үшін жауап береді.

2. Алдыңғы абзацтың мағынасы бойынша әуе тасымалы тасушы теңдеме жүкті немесе тауарды сақтап тұратын уақыт кезеңі аэродромда, әуе кемесінің бортында немесе аэродромнан тыс жерге қонған кезде қандай да бір өзге жерде орын алғанына қарамастан, аталған кезеңді қамтиды.

3. Аэродромнан тыс жерде жүзеге асырылған, жерде, теңізде немесе өзенде тасымалдаудың ешқайсысы әуе тасымалы кезеңіне саналмайды. Алайда, егер осындай тасымал әуе тасымалы шартын орындау үшін жүзеге асырылса, кез келген залал өзіне қарсы дәлелдеме білдірілгенге дейін, тиеу, тапсыру немесе қайта тиеу мақсатында, әуе тасымалы кезінде болған оқиғадан туындайтын залал деп ұғылады.

19-бап

Тасушы әуе тасымалы кезінде жолаушылар, теңдеме жүк немесе тауарлар кешігуі салдарынан орын алған зиян үшін жауапты болады.

20-бап

1. Тасушы өзім және өзім жеткізіп берген адамдар зиянды болғызбау үшін барлық қажет шаралар қабылдадық немесе олардың мұндай шаралар қабылдауына мүмкіндік болмады деп дәлелдеп берсе, жауапты болмайды.

2. Тасушы келтірілген зиян пилотаж, әуе кемесін жүргізу немесе навигация барысындағы қате салдарынан орын алды және барлық басқа қатынастарда өзім және өзім жеткізіп берген адамдар зиянды болғызбау үшін барлық қажет шаралар қабылдады деп дәлелдеп берсе, тауарлар мен теңдеме жүк тасымалдау кезінде жауапты болмайды.

21-бап

Тасушы зиян шеккен адамның кінәсі зиянға себеп болды немесе оған жәрдемдесті деп дәлелдеп берген жағдайда, сот өз заңының қаулысына сәйкес, тасушының жауаптылығын жоя алады немесе шектей алады.

22-бап

1. Жолаушыларды тасу кезінде тасушының әрбір жолаушыға қатысты жауапкершілігі жүз жиырма бес мың франк сомамен шектеледі. Егер талапты алған сот заңына сәйкес, өтем жүйелі төлемдер түрінде белгіленуі мүмкін, осы төлемдердің капитализацияланған сомасын аталған шектен асыруға болмайды. Алайда тасушымен ерекше келісу арқылы, жолаушы жауапкершіліктің бұдан да жоғары шегін белгілей алады.

2. Тіркелген теңдеме жүк пен тауарларды тасымалдау кезінде, тасушының жауапкершілігі, жөнелтуші тасушыға орын берген кезде және ықтимал қосымша алым төлей отырып жасаған, жеткізіп беруге мүдделілік білдіру туралы ерекше мәлімдеме жағдайларын қоспағанда, екі жүз елу мың франк сомамен шектеледі. Осы жағдайда, тасушы жария етілген сомадан аспайтын сома жөнелтушінің жеткізіп беруге нақты мүдделілігін аспайды деп дәлелдеп берсе, аталған соманы төлеуге міндетті болады.

3. Жолаушы өзінің қасына қойып қоятын заттарға қатысты, тасушының жауапкершілігі жолаушыдан бес мың франк алумен шектеледі.

4. Жоғарыда аталған сомалар мыңнан тоғыз жүзінші сынамадағы алпыс бес жарым миллиграмм алтыннан тұратын француз франкін білдіреді деп есептеледі. Оларды кез келген ұлттық валютада санды дөңгелектей отырып көрсетуге болады.

23-бап

Тасушыны жауапкершіліктен босатуға немесе осы Конвенцияда белгіленгеннен төмен жауапкершілік шегін белгілеуге саятын барлық ескертпе жарамсыз болып табылады және ешқандай салдар туғызбайды, бірақ осы ескертпенің жарамсыздығы шарттың жарамсыздығына әкеп соқтырмайды, шартқа осы Конвенция қаулыларының күші қолданыла береді.

24-бап

1. 18 және 19-баптарда көзделген жағдайларда, жауаптылық туралы талапты осы Конвенцияда көзделген шарттар мен шектермен келістіре отырып қана қандай да бір негізде қоюға болады.

2. 17-бапта көзделген жағдайларда, сондай-ақ алдыңғы абзацтың қаулылары іздеуге құқығы бар тұлғалар ортасын анықтау мен олардың тиісті құқықтарына залал келтірмей отырып қолданылады.

25-бап

1. Егер зиян тасушының қаскөйлік ниетінің салдарынан талапты алған сот заңына сәйкес қаскөйлік ниетпен тең мәнді деп қаралатын кінәнің салдарынан орын алса, тасушының осы Конвенцияның оны жауаптылықтан босататын немесе мұны шектейтін қаулыларына сілтеме жасауға құқығы болмайды.

2. Егер тасушы өзі жеткізіп берген адамдардың біреуі өз міндеттерін орындау барысында іс-әрекет жасай отырып, дәл сол жағдайларда зиян келтірсе, тасушыға жоғарыда аталған құқық берілмейді.

26-бап

1. Болжамға қарсы дәлелдеме білдірілгенге дейін, алушы тауарлар тиісінше жай-күйінде және тасымал құжатына сәйкес жеткізілді деген болжам жасауға қарсылық білдірмей, теңдеме жүк пен тауарлар алады.

2. Жүк зақымдалған жағдайда, алушы тасушыға зақымдануды байқаған бойда дереу және ең кеш дегенде алған күнінен бастап есептегенде теңдеме жүк үшін - үш күн мерзім және тауарлар үшін жеті күн мерзім ішінде қарсылық жолдауға тиіс.

Кешіктірілген жағдайда, наразылық теңдеме жүк немесе тауар оның билігіне берілетін күннен бастап он төрт күннен кешіктірмей жасалуға тиіс.

3. Барлық ескертпе тасымал құжатына жазылатын ескертпе немесе осы қарсылық үшін белгіленген мерзімде жөнелтілген өзге де жазбаша хабарлама арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

4. Белгіленген мерзімдерде қарсылық болмаған кезде, тасушы тарабының алдауды қолданған оқиғаларын қоспағанда, тасушыға қарсы ешқандай талап қабылданбайды.

27-бап

Борышқор қайтыс болса, жауаптылық туралы талап осы Конвенцияда көзделген шегінде оның құқықтық мирасқорына қолданылады.

28-бап

1. Жауаптылық туралы талап берушінің қалауына қарай, Жоғары Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағы шегінде не тасушының тұрғылықты жері бойынша, оның кәсіпорнының бас басқармасы орналасқан жер бойынша немесе оның шарт жасауға жәрдемдескен кеңсесі орналасқан жер бойынша сотта қозғалады.

2. Рәсім талапты алған сот заңында белгіленеді.

29-бап

1. Жауаптылық туралы талап талапқа құқықты жоғалтып алармын деп үрейленгенде , тағайындалымына қарай келіп түскен кезден бастап екі жыл ішінде немесе әуе кемесі келуге тиіс болған күннен бастап немесе тасымалды тоқтатқан кезден бастап қозғалуға тиіс.

2. Мерзімді есептеп шығару тәртібі талапты алған сот заңында белгіленеді.

30-бап

1. 1-баптың үшінші абзацының анықтамасымен реттелетін, бірнеше жүйелі тасушы жүзеге асыратын тасымалдар жағдайында, жолаушыларды, теңдеме жүкті немесе тауарды қабылдайтын әрбір тасушыға осы Конвенцияда белгіленген ережелер қолданылады және ол тасымал туралы шарт бойынша уағдаласушы тарап ретінде қаралады, себебі ол бақылай отырып, жасалатын тасымал бөлігіне осы құжаттың қатысы бар.

2. Мұндай тасымал жағдайында, жолаушы немесе оның құқық берілген адамдары жазатайым уақиға немесе кешіктіру орын алған тасымалды жүзеге асырған тасушыға, алғашқы тасушы бүкіл жол үшін жауапкершілікті арнайы шарт бойынша қабылдап алған жағдайды қоспағанда, қолданылады.

3. Егер теңдеме жүк немесе тауарлар туралы іс жүрсе, жөнелтуші алғашқы тасушыға қарсы іс қозғай алады және алуға құқығы бар алушы соңғы аталғанға қарсы

іс қозғай алады және сонымен қатар, бұлардың екеуі де жою, жоғалтып алу, зақымдау немесе кешіктіру орын алған тасымалды жасаған тасушыға талап қоя алады. Осы тасушылар жөнелтуші мен алушыға бірлесіп жауапты болады.

I V

Т А Р А У

ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН ТАСЫМАЛДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАУЛЫЛАР

31-бап

1. Бір бөлігі әуеде және екінші бір бөлігі тасымалдың қандай да болсын өзгедей тәсілімен жүзеге асырылатын құрамдастырылған тасымалдар кезінде, әуе тасымалы 1-баптың шарттарына сай келетіндей болса, осы Конвенцияның қаулылары сондай тасымалға ғана қолданылады.

2. Құрамдастырылған тасымал кезінде, осы Конвенцияның қаулылары әуеде тасымалдауға қатысты қолданылады деген жағдайда, осы Конвенциядағы ешнәрсе тараптардың әуе-тасымал құжатына тасымалдың өзгедей түрлеріне қатысты шарттар енгізуіне кедергі тигізбейді.

V

Т А Р А У

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ҚАУЛЫЛАР

32-бап

Тараптар осы Конвенцияның ережелерінен не қолданылуға тиіс заңды айқындау арқылы, не сотқа тартылушылық туралы ережелерді өзгерту арқылы шегінуіне жол ашатын тасымал туралы шарттың барлық ескертпесі мен зиян келтірудің алдында жасалған барлық ерекше келісімдер жарамсыз деп танылады. Алайда тауарлар тасымалдау кезінде, аралық талқылау 28-баптың 1-абзацында көзделген соттардың құзыреті қолданылатын жерлерде орын алуға тиіс болса, осы Конвенцияның шегінде аралық талқылауға жол беріледі.

33-бап

Осы Конвенциядағы ешнәрсе тасушының тасымалдау туралы шарт жасаудан бас тартуына немесе осы Конвенцияның қаулыларына қайшы келмейтін ережелер белгілеуіне кедергі тигізе алмайды.

34-бап

Осы Конвенция әуе тасымалдары кәсіпорындары жүйелі әуе жолдарын белгілеу мақсатында бастапқы сынақтар ретінде жүзеге асыратын халықаралық әуе тасымалдарына да, әуеде пайдалану жөніндегі барлық қалыпты операциялардан тыс айрықша жағдайларда жүзеге асырылатын тасымалдарға да қолданылмайды.

35-бап

Осы Конвенцияда күндер жөнінде сөз болғанда, ойда жұмыс күндері емес, үздіксіз дәйектілік күндері болады.

36-бап

Осы Конвенция бір дана етіп француз тілінде жасалды, ол Польша Сыртқы Істер Министрлігінің мұрағатында сақталады, ал оның расталған көшірмесі Поляк Үкіметінің өкімімен әрбір Жоғары Уағдаласушы Тараптың Үкіметіне беріледі.

37-бап

1. Осы Конвенция бекітіледі. Сенім грамоталары Польша Сыртқы Істер Министрлігінің мұрағатында сақталады, ол әрбір Жоғары Уағдаласушы Тараптың Үкіметіне осы сақтап қою жөнінде хабарлайды.

2. Осы Конвенцияны бес Жоғары Уағдаласушы Тарап бекіткеннен кейін ол бесінші бекітуді сақтап қойғаннан кейінгі тоқсаныншы күні олардың арасында күшіне енгізіледі. Кейіннен ол өзі сақтап қойылғаннан кейінгі тоқсаныншы күні, оны бекіткен Жоғары Уағдаласушы Тараптар мен өзінің бекіту грамотасын сақтап қоятын Жоғары Уағдаласушы Тараптың арасында күшіне енгізіледі.

3. Поляк Республикасының Үкіметі Әрбір Жоғары Уағдаласушы Тараптың Үкіметіне әрбір бекітудің сақтап қойылған күнін де, осы Конвенцияның күшіне енгізілген күнін де хабарлайды.

38-бап

1. Осы Конвенция күшіне енгізілгеннен кейін барлық мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық болып қала береді.

2. Қосылу Поляк Республикасының Үкіметіне жолданған хабарлама арқылы жүзеге асырылады, аталған елдің Үкіметі әрбір Жоғары Уағдаласушы Тараптың Үкіметіне осы жөнінде хабарлайды.

3. Қосылу Поляк Республикасының Үкіметі жасайтын нотификациялаудан кейінгі тоқсаныншы күннен бастап қолданысқа алынады.

39-бап

1. Әрбір Жоғары Уағдаласушы Тарап Поляк Республикасының Үкіметіне жасаған хабарлама арқылы осы Конвенцияның күшін жоя алады, аталған елдің Үкіметі әрбір Жоғары Уағдаласушы Тараптың Үкіметіне осы жөнінде дереу хабарлайды.

2. Күшін жою күшін жою туралы хабарламадан кейінгі алты айдан кейін және оны жүзеге асырған тарапқа ғана қатысты қолданысқа алынады.

40-бап

1. Жоғары Уағдаласушы Тараптар қол қою, бекітуді сақтап қою кезінде немесе өзі қосылған кезде, осы Конвенцияны өздерінің қабылдауы өздерінің тұтас алып қарағандағы отарларына, протектораттарына, мандаттық аумақтарына немесе өздерінің егемендігіне немесе өздерінің өкімет билігіне қарасты барлық өзгедей аумақтарға, немесе сюзеренитетіне қарасты барлық өзгедей аумақтарға немесе олардың қандай да бір бөлігіне қолданылмайды.

2. Осының салдарынан кейіннен олар өздерінің бастапқы хабарламасына осылайша еңбеген өздерінің тұтас алып қарағандағы отарларының, протектораттарының, мандаттық аумақтарының немесе өздерінің егемендігіне немесе өздерінің өкімет билігіне қарасты барлық өзгедей аумақтардың, немесе сюзеренитетіне қарасты барлық аумақтардың немесе олардың қандай да бір бөлігінің атынан жеке-жеке қосыла алады.

3. Олар, сондай-ақ олардың қаулыларымен санаса отырып, өздерінің не тұтас алып қарағандағы отарлары, протектораттары, мандаттық аумақтары немесе өздерінің егемендігіне немесе өздерінің өкімет билігіне қарасты барлық өзгедей аумақтар, немесе сюзеренитетіне қарасты барлық аумақтар үшін, не олардың қандай да бір бөлігі үшін осы Конвенцияның күшін жеке-жеке жоя алады.

41-бап

Әрбір Жоғары Уағдаласушы Тарап осы Конвенция күшіне енгізілгеннен кейін кемінде екі жылдан кейін осы Конвенцияға енгізуге болатын жақсартуларды іздестіру мақсатында жаңадан халықаралық конференция шақыру бастамасын өз мойнына ала алады. Осы мақсатта ол Француз Республикасының Үкіметіне жүгінеді, аталған елдің Үкіметі осы конференцияны дайындауға қажет шаралар қабылдайды.

1929 жылғы 12 қазанда Варшавада жасалған осы Конвенция 1930 жылғы 31 қаңтарға дейін қол қою үшін ашық болып қала береді.

Қ О С Ы М Ш А

Х А Т Т А М А

2-ші бабына

Жоғары Уағдаласушы Тараптар бекіту немесе қосылу кезінде, осы Конвенцияның 2-бабының 1-абзацы Мемлекет тікелей өзі, оның отарлары, протектораттары, мандаттық аумақтары немесе өздерінің егемендігіне, өздерінің сюзеренитетіне немесе өздерінің өкімет билігіне қарасты барлық өзгедей аумақтар жасайтын халықаралық әуе тасымалдарына қолданылмайды деп жариялау құқығын сақтап қалады.

2 - қ о с ы м ш а

Халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді бірдейлендіру үшін Варшава қаласында 1929 жылғы 12 қазанда қол қойылған Конвенцияға түзетулер енгізу туралы ХАТТАМА*

* КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, N 8, 1-бөлім, 217-құжат.

Қол қойған үкіметтер халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді бірдейлендіру үшін Варшава қаласында 1929 жылғы 12 қазанда қол қойылған Конвенцияға түзетулер енгізу орынды деп есептей отырып, төмендегі туралы келісімге келді:

I Т А Р А У

КОНВЕНЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР

I бап

К о н в е н ц и я н ы ң 1 - б а б ы н д а :

а) 2-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Осы Конвенцияның мағынасында халықаралық тасымал деп, егер аялдама екінші мемлекеттің аумағында, тіпті осы Мемлекет Мәртебелі Уағдаласушы Тарап болып табылмаса да, Тараптар анықтамасына орай тасымалда немесе қайта тиеуде үзіліс бар ма, жоқ па, шығу орны мен бару орны екі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағында, не болмаса сол бір Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқанына қарамастан, кез келген тасымал аталады. Бір Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағындағы екі пункттің арасындағы осындай аялдасыз тасымал осы Конвенцияның мағынасында халықаралық тасымал ретінде қаралмайды".

б) 3-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"3. Бірнеше дәйекті әуе тасымалдаушылары арқылы жүзеге асыруға жататын тасымал осы Конвенцияны қолдану мағынасында, егер оны Тараптар, ол бір шарт немесе бірнеше шарт түрінде жасалғанына қарамастан, бір операция ретінде қараса және ол бір немесе бірнеше шарттар дәл бір мемлекеттің аумағында толық орындалуы тиіс болғандықтан ғана өзінің халықаралық сипатын жоғалтпаса, біртұтас тасымалды құрайтын болып есептеледі".

II бап

Конвенцияның 2-бабындағы 2-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Осы Конвенция почталық хат-хабарды және почта жіберілімдерін тасымалдау кезінде қолданылмайды".

III бап

К о н в е н ц и я н ы ң 3 - б а б ы н д а :

а) 1-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"1. Жолаушыларды тасымалдау кезінде:

а) шығу орны мен бару орны көрсетілген;

б) егер шығу және бару орындары бір Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағында болса, ал көзделген бір немесе бірнеше аялдамалар екінші Мемлекеттің аумағында болса, тіпті болмағанда осындай бір аялдама көрсетілген;

в) егер жолаушы соңғы бару орны немесе аялдама шығу елінде болмайтын сапарда

жүрсе, осындай тасымалға Варшава конвенциясының қаулылары қолданылуы мүмкін екендігі және осы Конвенция адам қайтыс болған немесе жараланған, сондай-ақ жол жүгін жоғалтқан немесе бүлдіріп алған жағдайда тасымалдаушының жауапкершілігін анықтайтындығы және көп жағдайларда шектейтіндігі туралы хабарлама бар билет берілуі тиіс".

г) 2-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Жолақы билеті тасымал туралы шарттың жасалғанын және оның шарттарын куәландыратын болады. Жолақы билетінің жоқтығы, дұрыс еместігі немесе жоғалуы осы Конвенцияның ережелерінің қолданысы аясына түсетін тасымал туралы шарттың болуына да, жарамдылығына да ықпал етпейді. Дегенмен, егер тасымалдаушының келісуімен жолаушы ұшақтың бортына жолақы билеті берілмей алынса немесе егер билетте осы баптың 1 в) параграфында талап етілетін хабарлама болмаса, онда тасымалдаушының 22-баптың ережелеріне сілтеме жасауға құқығы болмайды".

IV бап

Конвенцияның 4 - бабында:

а) 1, 2, 3-параграфтар алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"1. Тіркелген жол жүгін тасымалдау кезінде, егер ол жолақы билетімен біріктірілмесе немесе 3-баптың 1-параграфындағы ережелерге сәйкес келетін жолақы билетіне кіргізілмесе:

а) шығу орны мен бару орны көрсетілген;

б) егер шығу және бару орындары бір Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағында болса, ал көзделген бір немесе бірнеше аялдамалар екінші Мемлекеттің аумағында болса, тіпті болмағанда осындай бір аялдама көрсетілген;

в) егер соңғы бару орны немесе аялдама шығу елінде болмайтын тасымал орындалса, осындай тасымалға Варшава конвенциясының қаулылары қолданылуы мүмкін екендігі және осы Конвенция жол жүгін жоғалтқан немесе бүлдіріп алған жағдайда тасымалдаушының жауапкершілігін анықтайтындығы және көп жағдайларда шектейтіндігі туралы хабарлама бар жол жүгі түбіртегі берілуі тиіс".

г) 4-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Жол жүгі түбіртегі кері дәлел жасалғанға дейін жол жүгінің тіркелгенін және тасымал туралы шарттың қағидаларын куәландыратын болады. Жол жүгі түбіртегінің жоқтығы, дұрыс еместігі немесе жоғалуы осы Конвенцияның ережелерінің қолданысы аясына түсетін тасымал туралы шарттың болуына да, жарамдылығына да ықпал етпейді. Дегенмен, егер тасымалдаушы жол жүгі түбіртегін берусіз жол жүгін қамқорына алса немесе егер жол жүгі түбіртегінде (егер ол жолақы билетімен біріктірілмесе немесе 3-баптың 1 в) параграфындағы ережелерге сәйкес келетін жолақы билетіне кіргізілмесе) осы баптың 1 в) параграфында талап етілетін хабарлама болмаса, онда

тасымалдаушының 22-баптың 2-параграфының ережелеріне сілтеме жасауға құқығы болмайды".

V бап

Конвенцияның 6-бабындағы 3-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"3. Тасымалдаушы тауар әуе кемесінің бортына тиелгенге дейін өз қолын қоюы тиіс".

VI бап

Конвенцияның 8-бабы алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"Әуе-тасымал құжатында:

а) шығу орны мен бару орны көрсетілген;

б) егер шығу және бару орындары бір Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағында болса, ал көзделген бір немесе бірнеше аялдамалар екінші Мемлекеттің аумағында болса, тіпті болмағанда осындай бір аялдама көрсетілген;

в) егер соңғы бару орны немесе аялдама шығу елінде болмайтын тасымалдау орындалса, осындай тасымалға Варшава конвенциясының қаулылары қолданылуы мүмкін екендігі және осы Конвенция жол жүгін жоғалтқан немесе бүлдіріп алған жағдайда тасымалдаушының жауапкершілігін анықтайтындығы және көп жағдайларда шектейтіндігі туралы хабарлама болуы тиіс".

VII бап

Конвенцияның 9-бабы алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"Егер тасымалдаушының келісуімен тауарлар әуе кемесінің бортына әуе-тасымал құжатын құрастырусыз немесе, егер әуе-тасымал құжатында 8-баптың в) параграфында талап етілетін хабарлама болмаса, онда тасымалдаушының 22-баптың 2-параграфының ережелеріне сілтеме жасауға құқығы болмайды".

VIII бап

Конвенцияның 10-бабындағы 2-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Жөнелтуші тасымалдаушы немесе жөнелтуші берген мағлұматтардың немесе хабарландырулардың қателігі, дұрыс еместігі немесе толық еместігі себебінен тасымалдаушы соның алдында жауапты болатын кез келген басқа тұлғаға келтірілген кез келген зиян үшін жауапты болады".

IX бап

Конвенцияның 15-бабына мынадай параграф қосылсын:

"3. Осы Конвенцияда ештеңе берілетін әуе-тасымал құжатын беруге кедергі жасамайды".

X бап

Конвенцияның 20-бабындағы 2-параграф алынып тасталсын.

XI бап

Конвенцияның 22-бабы алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

22-бап

1. Жолаушыларды тасымалдау кезінде тасымалдаушының әрбір жолаушыға қатысты жауапкершілігі екі жүз елу мың франкі сомасымен шектеледі. Егер талап-қуыным берілген соттың заңына сәйкес өтемақы мерзімдік төлемдер түрінде белгіленсе, көрсетілген төлемдердің балама капиталданған сомасы екі жүз елу мың франкіден аспауы тиіс. Алайда, айрықша Келісім арқылы тасымалдаушы мен жолаушы одан да жоғары жауапкершілік шегін белгілей алады.

2. а) Тіркелген жол жүгін және тауарларды тасымалдау кезінде тасымалдаушының жауапкершілігі, жолаушы немесе жөнелтуші орынды тасымалдаушыға беру сәтінде бару орнына жеткізудегі мүдделілік туралы арнайы мәлімдеме жасаған және қажет болғанда, қосымша алым төлеген жағдайды қоспағанда, екі жүз елу мың франкі сомасымен шектеледі. Бұл жағдайда тасымалдаушы, егер ол бұл сома жолаушының немесе жөнелтушінің бару орнына жеткізудегі нақты мүддесінен асатынын дәлелдесе, жарияланған сомадан аспайтын соманы төлеуге міндетті.

б) тасымалдаушының жауапкершілігі шектелетін соманы анықтау кезінде назарға алынатын салмақ тіркелген жол жүгінің немесе тауарлардың жоғалғаны, зақымдалғаны немесе жартысы кідірітіліп қалғаны немесе оның құрамындағы кейбір заттардың жетіспеуі жағдайында тек жүк орнының жалпы салмағы немесе орны қабылданатын болады. Алайда, тіркелген жол жүгінің немесе тауарлардың жоғалғаны, зақымдалғаны немесе жартысы кідірітіліп қалғаны немесе оның құрамындағы кейбір заттардың жетіспеуі сол жол жүгі түбіртегіне немесе сол әуе-тасымал құжатына кіргізілген басқа орындардың құнына ықпал етсе, онда осындай орынның немесе орындардың жалпы салмағы да жауапкершілік шегін анықтау кезінде назарға алынуы тиіс.

3. Жолаушылар өздеріне қалдыратын заттарға қатысты тасымалдаушының жауапкершілігі жолаушыға бес мың франкімен шектеледі.

4. Осы бапта белгіленген шектер сотқа өз заңына сәйкес сот шығасыларын және сот ісі бойынша қуынушы көтерген басқа да шығыстардың барлығын немесе бір бөлігін сотқа қосымша беруге кедергі жасамайды. Жоғарыда көрсетілген ереже, егер сот шығасыларын және сот ісі бойынша басқа да шығыстарды қоспағанда, залалды өтеуге сот белгілеген сома тасымалдаушы залал келтірілген күннен бастап алты айдың ішінде немесе ол күн кеш болса, сот ісі басталғанға дейін қуынушыға жазбаша түрде ұсынған сомадан аспаса, қолданылмайды.

5. Осы бапта франкімен көрсетілген сомалар мыңнан тоғыз жүздік сынама алтынның алпыс бес жарым миллиграммынан тұратын валюта бірлігіне жататын ретінде қаралатын болады. Бұл сомалар дөңгелектелген цифрлармен ұлттық валютаға аударылуы мүмкін. Алтыны жоқ ұлттық валютадағы сомаларды аудару сот ісі қозғалған жағдайда осындай валюталардың сот шешімі шығарылған күндегі алтын құнына сәйкес жүргізілетін болады".

Конвенцияның 23-бабында бар параграфқа 1-нөмір беріліп, мынадай тармақ қ о с ы л с ы н :

"2. Осы баптың 1-параграфы тасымалданатын жүкке тән кемшілігі, сапасы немесе ақауы нәтижесінде болған жоғалуға немесе залалға қатысты ережелерге қолданылмайды".

XIII бап

Конвенцияның 25-бабындағы 1 және 2-параграфтар алынып, олар төмендегімен а у ы с т ы р ы л с ы н :

"22-бапта белгіленген жауапкершілік шектері, егер зиян келтіру ниетімен немесе ойланбай және осының нәтижесінде зиян келетінін біліп жасалған әрекеттің немесе тасымалдаушының не ол қойған тұлғалардың байқамай қалуы нәтижесінде зиян келтірілгені дәлелденсе; қойылған тұлғаның осындай әрекеті немесе байқамай қалуы жағдайында ол өзінің қызметтік міндеттері шегінде әрекет еткені дәлелденеді деген шартпен қолданылмайды".

XIV бап

Конвенцияның 25-бабынан кейін мынадай бап орналастырылсын:

"25А-бап

1. Егер қуыным-талап тасымалдаушы қойған тұлғаға осы Конвенцияда айтылып отырған зиянға байланысты қойылса, онда осындай қойылған тұлға, егер ол өзінің қызметтік міндеттері шегінде әрекет еткенін дәлелдесе, тасымалдаушы 22-баптың негізінде сілтеме жасауға құқылы жауапкершілік шектеулеріне сілтеме жасауға құқылы б о л а д ы .

2. Тасымалдаушыдан және ол қойған тұлғалардан алынуы мүмкін жалпы сома бұл жағдайда көрсетілген шектен аспауы тиіс.

3. Егер зиян келтіру ниетімен немесе ойланбай және осының нәтижесінде зиян келетінін біліп жасалған әрекеттің немесе тасымалдаушының не ол қойған тұлғалардың байқамай қалуы нәтижесінде зиян келтірілгені дәлелденсе, осы баптың 1 және 2-параграфтарының ережелері қолданылмайды".

XV бап

Конвенцияның 26-бабындағы 2-параграф алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"2. Зиян келтірілген жағдайда жүкті алуға құқылы тұлға зиянды айқындаған бойда дереу және ең кеш дегенде жол жүгін алған күннен бастап жеті күннің ішінде және тауарларды алған күннен бастап он төрт күннің ішінде тасымалдаушыға наразылық білдіруі тиіс. Кешіктірілген жағдайда наразылық білдіру жол жүгі немесе жүк оның иелігіне берілген күннен бастап есептегенде 21 күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

XVI бап

Конвенцияның 34-бабы алынып, ол төмендегімен ауыстырылсын:

"3-баптан 9-бапты қоса баптардың тасымалдау құжаттарына қатысты ережелері әуеде пайдалану бойынша кез келген қалыпты операциялардан тыс айрықша жағдайларда жүзеге асырылатын тасымалдар жағдайында қолданылмайды".

XVII бап

Конвенцияның 40-бабынан кейін мынадай бап орналастырылсын:

"40А-бап

1. 37-баптың 2-параграфындағы және 40-баптың 1-параграфындағы "Мәртебелі Уағдаласушы Тарап" деген сөздер "Мемлекетті" білдіреді. Барлық басқа жағдайларда "Мәртебелі Уағдаласушы Тарап" деген сөздер Конвенцияны бекітуі немесе оған қосылуы күшіне енген немесе Конвенцияның күшін жоюы күшіне енген Мемлекетті білдіреді.

2. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "аумақ" деген сөз Мемлекеттің метрополиясының аумағын ғана емес, осы Мемлекет солардың сыртқы қатынастары үшін жауап беретін барлық басқа аумақтарды білдіреді".

I I

Т А Р А У

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРІМЕН КОНВЕНЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ШЕГІ

XVIII бап

Осы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен Конвенция осы бапта айтылған шығу орны мен бару орны Хаттаманың Тараптары болып табылатын екі Мемлекеттің аумақтарында немесе екінші Мемлекеттің аумағында көзделген аялдамасымен осы Хаттаманың Тарабы болып табылатын бір Мемлекеттің аумағында болады деген шартпен халықаралық тасымалға Конвенцияның 1-бабында белгіленгендей қолданылатын болады.

I I I

Т А Р А У

ҚОРЫТЫНДЫ БАПТАР

XIX бап

Осы Хаттаманың Тараптары арасында Конвенция мен Хаттама бірге бірыңғай құжат ретінде оқылып, түсінілуі тиіс және олар Гаагада 1955 жылы енгізілген өзгерістерімен Варшава конвенциясы деп аталуы тиіс.

XX бап

Осы Хаттама XXII-баптың 1-параграфының ережелеріне сәйкес күшіне енген күнге дейін ол осы күнге дейін Конвенцияны бекіткен немесе оған қосылған немесе осы, Хаттама қабылданған Конференцияға қатысқан кез келген Мемлекеттің атынан қол қою үшін ашық болады.

XXI бап

1. Осы Хаттама оған қол қойған Мемлекеттермен бекітуге жатады.

2. Осы Хаттаманы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын қандай да бір Мемлекеттің бекітуі осы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен Конвенцияға қосылу мағынасын білдіреді.

3. Бекіту грамоталары Польша Халық Республикасының Үкіметіне сақтауға тапсырылуы тиіс.

XXII бап

1. Осы Хаттамаға қол қойған 30 Мемлекет бекіту грамоталарын сақтауға тапсырғаннан кейін, ол солардың арасында отызыншы бекіту грамотасы сақтауға тапсырылғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді. Ол оны кешірек бекіткен әрбір Мемлекет үшін осы Мемлекеттің бекіту грамотасы сақтауға тапсырылғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енуі тиіс.

2. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін оны Польша Халық Республикасының Үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркеуі тиіс.

XXIII бап

1. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін оған қол қоймаған кез келген Мемлекеттің қосылуы үшін ашық болады.

2. Осы Хаттамаға Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын қандай да бір Мемлекеттің қосылуы осы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен Конвенцияға қосылу мағынасын білдіруі тиіс.

3. Қосылу Польша Халық Республикасының Үкіметіне қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру арқылы жүргізілуі тиіс және оны тапсырған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енуі тиіс.

XXIV бап

1. Осы Хаттама Тарабының әрқайсысы Польша Халық Республикасының Үкіметіне жасалған хабарлама арқылы Хаттаманың күшін жоюы мүмкін.

2. Күшін жою Польша Халық Республикасының Үкіметі күшін жою туралы хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткен соң күшіне кіреді.

3. Осы Хаттаманың Тараптары арасында осы Тараптардың кез келгенінің Конвенцияның күшін жоюы ешбір жағдайда осы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен Конвенцияның күшін жою деп түсінілмеуі тиіс.

XXV бап

1. Осы Хаттама, соларға қатысты осы баптың 2-параграфына сәйкес мәлімдеме жасалған аумақтарды қоспағанда, осы Хаттаманың Тарабы болып табылатын Мемлекет сыртқы қарым-қатынастары үшін жауапты барлық аумақтарға қолданылатын болады.

2. Кез келген Мемлекет өз бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырған кезде осы Хаттаманы тануы осындай Мемлекет сыртқы қарым-қатынастары үшін жауапты қандай да бір немесе бірнеше аумақтарға таралмайтыны туралы мәлімдей алады.

3. Кез келген Мемлекет кейіннен Польша Халық Республикасының Үкіметіне жіберілген хабарлама арқылы ол соларға қатысты осы баптың 2-параграфына сәйкес мәлімдеме жасаған қандай да бір аумаққа немесе бірнеше аумақтарға осы Хаттаманың қолданысын таратуы мүмкін. Хабарлама осы үкімет оны алған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енуі тиіс.

4. Осы Хаттаманың Тарабы болып табылатын кез келген Мемлекет оны осындай Мемлекет сыртқы қарым-қатынастары үшін жауапты қандай да бір аумаққа жеке немесе барлық аумақтарға қатысты XXIV-баптың 1-параграфының ережелеріне сәйкес күшін жоя алады.

XXVI бап

Осы Хаттамаға, Мемлекет осы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен Конвенция осы Мемлекетте тіркелген, билік орындары немесе олардың атынан барлық орындары резервтелген әуе кемесінде оның әскери билік орындары үшін адамдарды, жүктерді және жол жүгін тасымалдауға қолданылмайтыны туралы Польша Халық Республикасының Үкіметіне жасалған хабарлама арқылы мәлімдеуі мүмкін екендігін қоспағанда, ешқандай ескертулер қабылданбайды.

XXVII бап

Польша Халық Республикасының Үкіметі Конвенцияға немесе осы Хаттамаға қол қойған барлық Мемлекеттерге, Конвенцияның немесе осы Хаттаманың Тараптары болып табылатын барлық Мемлекеттерге және барлық Мемлекеттерге - Халықаралық азаматтық авиация ұйымының немесе Біріккен Ұлттар ұйымының мүшелеріне, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымына:

а) осы Хаттамаға кез келген қол қою туралы және осы қол қою күні туралы;

б) осы Хаттамаға қатысты бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатты және осы тапсыру күні туралы;

в) осы Хаттаманың XXII-баптың 1-параграфына сәйкес күшіне енуі күні туралы;
г) күшін жою туралы қандай да бір хабарлама алынғаны туралы және осындай алу күні туралы;

д) XXV-баптың негізінде жасалған қандай да бір мәлімдеменің немесе хабарламаның алынғаны туралы және осы алу күні туралы;

е) XXVI-баптың негізінде жасалған қандай да бір хабарламаның алынғаны туралы және осы алу күні туралы дереу хабарлауы тиіс.

Осыны куәландыру үшін, тиісті түрде уәкілеттендірілген төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

Гаагада 1955 жылдың қыркүйек айының 28 күні француз, ағылшын және испан тілдерінде жасалды және де барлық үш мәтін де бірдей тең болып табылады. Қандай да бір келіспеушіліктер жағдайында Конвенция жасалған француз тілінде жасалған мәтін негізгі болып табылады.

Осы Хаттама Польша Халық Республикасының Үкіметіне сақтауға тапсырылады және XX-бапқа сәйкес қол қою үшін ашық қалады және осы Үкімет осы Хаттаманың куәландырылған көшірмелерін Конвенцияға немесе осы Хаттамаға қол қойған барлық Мемлекеттердің, Конвенцияның немесе осы Хаттаманың Тараптары болып табылатын барлық Мемлекеттердің, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері - барлық Мемлекеттердің үкіметтеріне таратады, сондай-ақ куәландырылған көшірмесін Халықаралық азаматтық авиация ұйымына да жолдайды.

(Хаттамаға мына мемлекеттердің атынан қол қойылды: Бельгия, Бразилия, Чехословакия, Эйре, Египет, Франция, Германия, Греция, Венгрия, Израиль, Италия, Лаос, Лихтенштейн, Люксембург, Мексика, Нидерланд, Норвегия, Филиппины, Польша, Португалия, Румыния, Сальвадор, Швеция, Швейцария, АҚШ, КСРО, Венесуэла).